

**Жоғары білім беру секциясының
ОӘБ Оқу-әдістемелік бірлестігі жұмыс кеңесінің
№ 14 ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

2026 жылғы «28» мамыр

Өткізу форматы: онлайн (Zoom):

<https://us06web.zoom.us/j/88623445331?pwd=dPrSXUSdQ5SIK68z3QjDhQVsDW7ooa.1>

Төраға: Смаилова Ж.К.

Хатшы: Шакеева А.Р.

Қатысқандар: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдері (тізім бойынша), ОӘБ Жоғары білім беру секциясының мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025–2026 оқу жылындағы білім алушылар мен түлектердің білімдері мен дағдыларын аралық және қорытынды бағалауға дайындық туралы.

Баяндамашы: Досмамбетова Қ.К. – Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының Білім мен дағдыларды бағалау басқармасының басшысы.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №4 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына (практикалық дағдылар бөлігінде) өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарау.

Баяндамашы: Мусабекова Ж.А. – «Семей медицина университеті» КеАҚ Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мектебінің деканы.

Бірінші мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Білім мен дағдыларды бағалау басқармасының басшысы Досмамбетова Қ.К. 2025–2026 оқу жылындағы білім алушылар мен түлектердің аралық және қорытынды бағалауына дайындық мәселесі бойынша баяндама жасады.

Баяндама барысында 3 курс білім алушылары мен бейіндік интернатура түлектерін тәуелсіз бағалаудың жаңа моделін апробациялау нәтижелері, емтихан материалдарын сараптау қорытындылары, білім алушылар мен түлектердің өзін-өзі бағалау нәтижелері, сондай-ақ апелляция беру және қарау тәртібі ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025–2026 оқу жылында білім алушылар мен түлектердің білімдері мен дағдыларын бағалауға дайындық туралы ҰТСО ұсынған ақпарат назарға алынсын.
2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары білім алушылар арасында тәуелсіз бағалау рәсімдері мен апелляция беру тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.
3. Қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес апелляциялық комиссиялардың құрамын қалыптастыру және бекіту қамтамасыз етілсін.

Екінші мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

«Семей медицина университеті» КеАҚ Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мектебінің деканы Мусабекова Ж.А. интернатура деңгейіне арналған практикалық дағдылар бөлігінде

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №4 бұйрығына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар туралы баяндама жасады. Оқыту нәтижелеріне сәйкестендіру мақсатында нозологиялар тізбесін және практикалық дағдыларды өзектендіру, құрылымдау жөніндегі ұсыныстар ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №4 бұйрығына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар қарауға қабылдансын.
2. Ұсынылған материалдар жекелеген мамандықтар бойынша бейінді комитеттер мен сарапшылардың қосымша қарауына жіберілсін.
3. Пысықталғаннан кейін өзгерістердің соңғы редакциясы УМО РУМС қарауына ұсынылсын.

Төраға: Смаилова Ж.К. _____

Хатшы: Шакеева А.Р. _____